Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар

Осы жазбамызды дайындау барысында «Ғаббас Жұмабаев халқына несімен қымбат?» деген сауалға жауап іздедік. Содан өзім Қостанай шаһарында тұратын оның жақын туған-туысқандарына арнайы жолығып, олардың айтулы тұлға жөнінде жүректерінде сақталған сырлары мен көңілге түйген ойларына жүгіндім.

Спандияр Көбеевтің ауылдасы

Ол 1924 жылы 5 мамырда қазіргі Меңдіқара ауданының Ақсуат деп аталатын табиғаты көркем елді мекенде туды. Шаңырақ иесі Жұмабай Байжанұлы өз заманының көзі ашық, көкірегі ояу, еті тірі азаматы-тын. Кезінде кәдімгі хат тасушы, Салмағанбет болыстың атқосшысы болған.

Ал, отбасын айрандай ұйытып отырған Кәлима апамыз жүзінен жылы шуақ төгіліп тұратын мейірбан жүректі асыл жан-ды. Ол тек отағасының алаңсыз жұмыс істеуіне жағдай туғызумен және кез келген қазақ әйеліне тән үй шаруашылығымен айналысты. Оны айналасындағылар алтын құрсақты ана ретінде де ерекше құрметтеді. Өзі жарық дүниеге әкелген перзенттерінің үшеуі кішкентай кездерінде шетінеп кетті. Қалған балаларының бесеуі бертінде қайтыс болса, үш ұл мен екі қызын жастайынан еңбекке баулып, өз қатарының алды етіп тәрбиеледі.

Бұлар Қабдуәли, Қабжан, Қапиза, Нәпиза және бүгін сөз етіп отырған Ғаббас ағамыз еді. Ол үйдің кенжесі болғанына қарамастан еркелікке салынған жоқ. Ауылды жерде тұрған соң, тіршіліктегі бақыт пен табыстың қайнар көзі төгілген маңдай тер мен талпынысқа байланысты екенін ерте сезініп өсті.

Өнерге шексіз бейім еді. Қиялға беріліп, түрлі сурет салатын. Өзі тәртіпті, қолға алған ісін тындырмай қоймайтын табанды бала болды. Сол кездің өзінде кітапты көп оқитын. Саздан мүсіндер, ағаштан кәдімгі көз тартатын ойыншықтар жасайтын. майталманы Шерхан Мұртазаның «Журналистің жегені – жантақ, арқалағаны – алтын» дегеніндей, кездескен қиындықтарға мойымады. Ол жауапты хатшы ретінде де басылымның безендірілуі мен мазмұнының артуына айтарлықтай үлес қосты. Бас редактордың орынбасары лауазымына дейін көтерілді.

Ол редакцияға келген мақалаларды қарап, өңдегенде құлпыртып жіберетін. Тақырып қоюға да өте шебер еді. Сондықтан, авторлар өздерінің ризашылығын білдіріп жататын. Жылда Алматыда оқитын болашақ журналистер жоғарыда аталған басылымда өндірістік тәжірибеден өтетін. Одан тәлім алған дарынды жастар Төлеубай Ыдырысов, Жұмағали Ысмағұлов, Қасымхан Ерсарин және басқалар уақыт өте елімізге танымал тұлғаларға айналды.

Қостанайда сапарда болған қазақ әдебиетінің мақтаныштары Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Иван Шухов, Темірғали Нұртазин, Ғали Орманов, Мариям Хәкімжанова, өнер майталмандары Серке Қожамқұлов, Қапан Бадыровтарды қуанышпен қарсы алып, ұжымда кездесулер ұйымдастыратын.

Даңқты жерлесіміз әрі әріптесіміз өзі туып өскен ауылда ұстаздық қызмет атқарған, «Қалың мал» романын жазған Спандияр Көбеев, халық ақыны Омар Шипинмен туған бауырларындай болып кеткен-ді.

Оның білікті әрі дарынды журналист болып қалыптасуына Беген Байсақалов, Қасым Тоғызақов, Хасен Өзденбаевтардың ағалық қамқорлықтары ерекше болғандығын өзі дүниеден өткенше өзгелерге ұмытпай айтып жүрді.

кезде жазу үстеліне отыратын. Өзінің жастық шақтан бері үйреншікті серігіне айналған мәшінкесін тықылдатып, түннің бір уағына дейін өндіртіп тастайтын. Таңертең түк білмегендей жуынып, шайынып, күнделікті жұмыс орнына аяңдайтын.

Осылайша, Алматыда жылдың төрт мезгілінде үздіксіз шығармашылықпен айналысып, оқырмандарының ыстық ықыласына ие болды. Дүниеге келген көркем туындыларының әрқайсы қаламгер үшін өзегін жарып шыққан туған перзенті секілді көрінеді емес пе.

Өткен жылдары оның баспалардан «Нөсер», «Мерей», «Арманым», «Жомарт күз», «Алтын толқын», «Қоңыржай», Жыр ғұмыры», «Исповедь» (орыс тілінде) секілді өлең, баллада, поэмалардан тұратын жинақтары жарық көріп, халық тарапынан жоғары бағасын алды.

Даңқты жерлесіміздің қаламгерлік ерекше бір қыры – аудармашылығы. Мұндай қабілет кез келген жазушыға қона бермейді. Оған үлкен біліктілік, жан-жақтылық, биік өре мен парасат қажет. Мұндай қасиеттің бәрі Ғабекеңнің тұла бойынан табылды.

Осы орайда ол тәржімалаған классикалық туындылардың қатарында Лев Толстойдың «Крейцер сонатасы» повесі мен он шақты әңгімесін, Коста Хетагуровтың өлеңдер жинағын, Г.Х. Андерсеннің ертегілер кітабын, Самед Вургунның «Бакудастан» поэмасын, Бальзактың «Шегірен былғарысы», Н.Тихоновтың, С.Прокофьевтің және басқа да талантты жазушылардың шығармаларын қазақ тілінде сөйлетті. Сонымен қатар Африка, Азия елдерінің көптеген ең-

тан ат басын бұрған аға-інілерін қонақ үйлерге жібермей, өз үйіне қондыратын. Зайыбы оларға қабақ шыту дегенді білген емес.

Ол кезінде ұлтымыздың аузында жүрген айтулы тұлғалар – халқымыздың біртуар перзенті Бауыржан Момышұлымен сыйласты. Сондай-ақ, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің майталмандары Олжас Сүлейменов, Ғафу Қайырбеков, Хамит Ерғалиев, Елубай Өмірзақовтармен адами және достық игі қарым-қатынаста болды.

Ол жас кезінде кілем тоқумен де айналысты. Үй ішінде жиһазды да өзі жасай беретін. Жан-сарайы сұлулыққа құштар болумен қатар, қызметтен қолы бос кездері қазақтың қара домбырасын күмбірлете шертіп, асқақтата ән салатын дағдысы да бар еді. Бұл шақтарда оны қоршаған кісілер сілтідей тынып, ұйып тыңдап қалатын.

Үлкен қаладан жырақта жатқан туған-туысқандарына да оның кең құшағы әрдайым ашық еді. Олар Алматыға арты-

Әпкесі Нәпиза екеуі бір сыныпта оқыды. Бұлардың азамат болып қалыптасуында ағалары Қабдуәлидің қамқорлығы мен сіңірген еңбегі аз емес-ті.

Оның сөз өнері, яғни әдебиетке деген іңкәрлігі сонау мектептің бесінші сыныбында жүргенде басталыпты. Білім ордасындағы қабырға газетіне өлеңдері жиі жарық көретін. Уақыт өте Меңдіқара аудандық және облыстық «Большевиктік жол» (қазіргі «Қостанай таңы») газетіне шағын мақалалар жазып, ауылда тілші бала атанды. Жан-жағындағы туысқандары мен ұстаздары оның болашақта өмірін шығармашылықпен байланыстыратынына нық сенді.

Алдына үлкен мақсат қойған бозбала осы өңірдегі барша ұстаздардың алтын ұясына айналған Меңдіқара қазақ педагогикалық училищесіне қабылданып, сонда өңірден шыққан әрі есімдері әлемге танылған тұлғалармен бірге оқыды.

Сырағаңның дарынды шәкірті

Соғыс жүріп жатқан кезде ол әскерге алынып, қанды майданнан бір-ақ шықты. Талай шайқасқа қатысып, өзінің жауынгерлік міндетіне адалдық танытты. Өлім мен өмірдің бел ортасында жүріп, қаншама қимас достарынан айырылды. Окоптарда мұз жастанып, белуардан саз кешті. 1945 жылдың аяғында аман-есен туған жерге табан тіреді. Өзінің таңдаған кәсібі бойынша кіндік қаны тамған ауылында ұстаздық етіп, ұлқыздарды білім нәрімен сусындатты.

1947 жылы ғұмыр бойы аңсаған арманына қол жеткізіп, облыстағы ана тілінде шығатын басылымға бастапқы кездері қатардағы әдеби қызметкер болып жұмысқа кірісті. Қысқа мерзімде кешегі майдангер тілшілік қызметте де алғы шептен көрінді. Редакцияның қара қазанында шыңдалып, өзінің нағыз әмбебап маман екенін дәлелдеді. Баспасөз

1955 жылы Алматы қаласындағы жоғары партия мектебіне жіберілді. Оны аяқтаған соң, үлкен шаһарда біржола қалды. Жазушылар Одағына қабылданды. Өзі секілді жанжақтан келген қаламгерлермен тонның ішкі бауындай араласып, жаңа ортаға тез бейімделді. «Қазақ әдебиеті» газетінде, содан кейін «Жұлдыз», «Мәдениет және тұрмыс» журналдарында бөлімдерді басқарды. Таралымы көп басылымдардың абырой-беделін көтеруге барын салды.

Сол кездегі аты дүркіреп, жемқорлар мен жатыпішерлердің мысын басатын «Ара» журналында фельетоншы болды. Онда қаламы қарымды қаламгердің жазғандары көздеген нысанасына дәл тиіп, талай тоғышарлар мен түйені түгімен, биені бүгімен жұтатындардың ұйқысын қашырды.

Кейін Қазақ ССР Министрлер Кеңесі жанындағы ақпараттық агенттікте аудармашы болған шақтың да ол үшін орны бөлек. Бұл қызметте терең білім мен кәсіби шеберлікті айтпағанның өзінде, айрықша сауаттылықты қажет ететіндігі белгілі. Әріптестерінің арасында өзіндік қолтаңбасымен дараланды.

Алматыда елімізге кеңінен танылды

Алматы шын мәнінде Ғаббас аға үшін құтты болды. Осында 1955 жылдан бастап өмірінің соңғы күндеріне дейін тіршілік кешті. Еліміздегі көрнекті ақын, айтулы публицист әрі шебер аудармашыға айналды. Ол ешқашан да лауазымға немесе байлыққа қызыққан жоқ. Үйіне кіріп келген адамның көзі қабырғалардағы сөрелерге қойылған кітаптарға түсетін. Жұртшылық қаладағы кейбір кітапханаларда кездеспейтін сирек рухани қазыналарды осы шаңырақтан кездестіретін.

Сол кезеңдерде әріптестерінің көбі күндіз газет-журналдарда, баспаларда қызмет атқаратын. Сондықтан да Ғаббас Байжанұлы да көбіне үйдегілердің бәрі ұйқыға жатқан бектерін аударды.

Кейіпкеріміздің басқалардан тағы бір дараланып тұратын қасиеті екі тілге бірдей жүйрік-ті. Сондықтан да ол қазақтың ұлы қаламгерлерінің туындыларын орыс тіліне шебер тәржімалады. Бұл орайда талғампаз әрі суреткер тұлға, қазақ әдебиетінің ұлы жазушысы Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романын орыс тіліне аударуы мұның қандай деңгейдегі қаламгер болғанын көрсетеді. Өйткені, ол өзінің халық жүрегінен берік орын тапқан көркем шығармасын кез келген адамға сеніп тапсыра бермейтіні аян.

Бұдан басқа да көптеген прозалық туындылардың авторлары Сәбит Мұқанов, Ілияс Есенберлин, Хамза Есенжанов, Садықбек Адамбеков және өзге де жазушылармен тығыз байланыста болып, олардың шынайы алғысына бөленді.

Ғаббас Байжанұлы өзінің журналистік жолында яғни жазу-сызуға бейімділік танытқан кезеңде өзіне ақ батасын беріп, тәлімгерлік еткен көрнекті ақын, Торғай өңірінің тумасы Сырбай Мәуленовті ғұмыр бойы ұстаз тұтып өтті. Себебі, Сырекең сөзге қандай шешен болса, поэзияның шыңына көтерілген төкпе ақын еді. Жай мақаласының өзі де көркем дүниедей оқылатын.

Ал, кейіпкеріміз шығармашылық жолында талай дарынды жастарға ардақты аға атанып, олардың қабілетін ұштауға жанашыр болды. Солардың бірі – «Большевиктік жол» газетінде бірге қызмет атқарған шәкірті Сырлыбай Бүркітбаев еді.

Сан қырлы сақлақ

Жазушы әрі ақын Ғабекеңнің жұрт біле бермейтін, өзге де кейінгі қолына қалам ұстаған әріптестеріне үлгі боларлық қырлары мен сырлары аз емес. Оның ең бастысы – досқа адалдығы, қонақжайлығы, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білгені.

Қонақжайлығына келетін болсақ, өзінің тұрып жатқан пәтері үлкен болмаса да, алыс-

нып-тартынып, сағынысып келгенде қуана қарсы алатын. Бұл орайда бауырлары Қалампыр, Бәкиза және жиені Майраның тебірене айтқан әңгімелерінен көп жайды көңілге түйдім.

Құдай қосқан қосағы Ләтипа апамыз да Қостанай өңірінің қызы-тын. Екеуі тең тату-тәтті тіршілік кешіп, төрт перзент сүйді. Тұңғыштары Төленді, содан кейін Алмагүл, Жұлдыз, Айгүлдер шаңырағының бақыты мен берекесіне айналды. Мәселен, Жұлдыз есімді ұлы Қазақстан Жазушылар Одағының органы «Жұлдыз» журналында қызмет атқарып жүргенде туғандықтан, оның аты-жөнін осылай атапты.

Мынау бес күндік жалғанда кім мәңгілік дейсіз. Оның жары Ләтипа да қазір арамызда жоқ. Ғабекең 1980 жылы нағыз кемеліне келген 56 жасында көз жұмды. Оның көрмеген қызығын жары көріп, бертінде дүниеден озды.

Олар Алматыдағы Кеңсай зиратында тыныстап жатыр. Алайда, балалары ғұмырларын жалғастырып келеді. Соған тәуба дейміз. Әулеттің кенжесі Айгүл қарындасымыз көп қырлы әкесі жайлы тебіреніспен еске алады. Оның сөздері тыңдаған жанның жүрегін еріксіз толқытады.

Көрнекті қаламгер отбасында ардақты әке, сүйікті жар, ғибраты мол ата бола білді. Кезінде қиналған жандарға қол ұшын созып, қайырымдылық танытты. Ізгі қасиеттері перзенттеріне де жұқты. Өмірі қысқа болса да артында өшпес рухани мұра мен қазына қалдырды. Ғаббас Байжанұлының тірісінде сүйікті халқына сіңірген еңбегі мен жазушылық жарқын дарынын жерлестері ұмытқан емес.

Сөз зергерінің 70 жылдық мерейтойына байланысты туған әпкесі, қазақтың қайраткер қызы Нәпиза Жұмабаеваның тікелей ұйытқы болуымен Меңдіқарадағы қазақ гимназиясына оның есімі беріліп, білім ордасының алдына ескерткіш тақта қойылды.

Оразалы ЖАҚСАНОВ